

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін бекіту туралы

Ұлытау облысының әкімдігінің 2025 жылғы 10 маусымдағы № 48/02 қаулысы

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Сауда қызметін реттеу туралы" заңдарына, "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мандерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №11245 тіркелген) сәйкес Ұлытау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Ұлытау облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ұлытау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ұлытау облысының әкімі

Д. Рыспеков

Ұлытау облысы әкімдігінің
2025 жылғы " 10 " маусым № 48/02
қаулысына қосымша

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшері

№	Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары	Бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшері, теңге килограмна	Қолданылу мерзімі
1	Бірінші сортты бидай ұны, килограмм	334	90 күнтізбелік күн
2	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді), килограмм	287	90 күнтізбелік күн
3	Рожки (өлшеніп салынатын), килограмм	508	90 күнтізбелік күн

4	Қарақұмық жармасы (дән , өлшеніп салынатын), килограмм	394	90 күнтізбелік күн
5	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын), килограмм	704	90 күнтізбелік күн
6	Картоп, килограмм	302	90 күнтізбелік күн
7	Асханалық сәбіз, килограмм	346	90 күнтізбелік күн
8	Басты пияз, килограмм	233	90 күнтізбелік күн
9	Ақ қауданды қырыққабат , килограмм	356	90 күнтізбелік күн
10	Ақ кант - құмшекер, килограмм	517	90 күнтізбелік күн
11	Күнбағыс майы, литр	1023	90 күнтізбелік күн
12	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі), килограмм	3680	90 күнтізбелік күн
13	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік), килограмм	1934	90 күнтізбелік күн
14	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5 %, жұмсақ қаптамада, литр	639	90 күнтізбелік күн
15	Айран, майлылығы 2,5 %, жұмсақ қаптамада, литр	575	90 күнтізбелік күн
16	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5 % толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ), килограмм	5584	90 күнтізбелік күн
17	Тауық жұмыртқасы (I санатты), 10 дана	686	90 күнтізбелік күн
18	Ас тұзы ("Экстра" - дан басқа), килограмм	135	90 күнтізбелік күн
19	Сүзбе: майлылығы 5-9 %, килограмм	3059	90 күнтізбелік күн